Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы
Мәртөк ауданы
Родников ауылдық округінің
әкімі
ӨКІМ

Республика Казахстан
Актюбинская область
Аким Родниковского сельского округа
Мартукского
района
РАСПОРЯЖЕНИЕ

030611, Мәртөк ауданы, Родников ауылы,
Гоголь көшесі 1,
тел: +7 (71331) 25-0-24, 25-2-23
e-mail: rodnikovakimat@gmail.com

030611, Мартукский район, село Родниковка
улица Гоголя 1,
тел: +7 (71331) 25-0-24, 25-2-23
e-mail: rodnikovakimat@gmail.com

№ 04-19/4

2026 жылғы «20» қаңтар

Мемлекеттік сатып алу тәсілін қолдану негіздемесі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35, 37 баптарына және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6 бабына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН**:

1.«Мәртөк ауданының Родников ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-сі, 2026 жылдың қаңтар айында мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының « Мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтері » тармағы бойынша «Бір көзден сатып алу» тәсілімен сатып алу жүргізсін.

2.Осы өкімнің орындалуын бас маман Г. Ибраеваға жүктелсін.

3.Осы өкімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: қызметтік жазба.

Родников ауылдық округінің әкімі **Р. С. Абилов**

Орындаған: Г. Б. Ибраева
тел.: 8 (71331) 25-2-23

19.01.2026 ж

Родников ауылдық округінің
әкімі Р.С. Абиловқа
бас маман Г. Ибраевадан

Қызметтік жазба

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35, 37-баптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6-бабына және 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес, төмендегіні хабарлаймын.

2026 жылы мемлекеттік мүліктің есебін жүргізу, оны өзектендіру және деректердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында Мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтерді сатып алу қажеттілігі туындап отыр. Аталған қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу жөніндегі функциялар жүктелген, уәкілетті ұйым болып табылатын «Информационно-учетный центр» акционерлік қоғамымен ғана көрсетіледі. Осыған байланысты көрсетілген қызметтерді басқа әлеуетті өнім берушілерден сатып алу мүмкін емес.

Осыны ескере отырып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес, заңдармен айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу негізінде, аталған қызметтерді бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыру заңды әрі негізделген болып табылады.

Осыған байланысты, «Мәртөк ауданының Родников ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бойынша «Мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтері» тармағын бір көзден алу тәсілімен сатып алуға келісім беруіңізді сұраймын.

Қарсылығым жоқ

Р. С. Абилов